

Жаңаарқа елі - Сәкеннің елі, жыр елі



Шұрайлы да шырайлы Жаңаарқа – өлкесі – сан даралар мен даналардың киелі ордасы, алтын бесігі, ата мекені. Бұл қасиетті топырақ – сан ғасырды бойлап тарихтың талай құпиясын сақтаған, бүгінгі күндері да-

ласы ән мен жырға айналған, берекелі еңбек өрбіткен өңір. Елінің ертеңін ертеден ойлаған халық қай кезде де, топты жарып түйінді сөз айтқан азулы би-шешендерін, ел мен жердің тарихын көркем сөзбен кестелеген ақындарын ерекше құрмет тұтып, төбелеріне көтере білген. Осы үрдісте Жаңаарқа топырағында арғы-бергі замандарда өмір сүрген ақын жыршылардың елі мен

жерін көркем сөзбен туған топыраққа деген перзеттік тағзымын жаңаарқаға жалынды асқақ жырларын арнаған ақын жазушыларымыздың өлеңдерін және өз дүниесінен шығарған өлеңдерін, поэзия жанры арқылы Жаңаарқа өңірінің, мәртебесін көтеріп, мақтан тұту. Өскелең ұрпақты патриотизмге және туған жерімізді дәстүрі мен тарихын құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің 80 жылдық

мерейтойына орай Жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен, «Жаңаарқа елі - Сәкеннің елі жыр елім» атты көркем сөз оқу шеберлер байқауы өткізілді.



Байқаудың талаптарына сәйкес Жаңаарқа өңірі, туған жер жайлы туған өлкеге арналған өлеңдерін үміткерлеріміз креативті, мазмұнды бейнероликтің сүйемелдеуімен мәнерлеп жатқа оқу бойынша қатысушылар өз кезегімен өнерлерін ортаға салды.

Қазылар алқасының мүшелері – аудандық «Жаңаарқа» газетінің бас редакторы Салтанат Аманқызы Ералина, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әдіскері Жібек

Оралқызы Шерипбаева, Жаңаарқа аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Ерболат Берікұлы Шубаев, Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің әдіскері Әсем Сембіқызы

Мұхамедина, Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі КММ - нің директорының міндетін атқарушысы Раушан Серғалиқызы Қожамберлина үміткерлерді бағалап, байқаудың қорытындысының әділ шешімін шығарды.

Бас жүлде - Әнел Тікенова, "Жас толқындар жырлайды" қызығушылық клубының мүшесі Ақтүбек ауылдық үлгілі кітапханасының жасөспірім оқырманы

I орын – I дәрежелі диплом - Дініслам Бекзатұлы Махמודия, Байдалы би ауылы «Атасу ЖББМ» және Санжар Қайрат – Е.Шаханов атындағы тірек мектебі (РО)»

КММ,

II орын – II дәрежелі диплом, бағалы сыйлық, Гүлфайрус Төлеубай, Қызылжар ЖББМ.

III орын – III дәрежелі диплом, бағалы сыйлық, Еркеназ Дәулетказы, Талдыбұлақ ауылы

Жеңімпаздарға дипломдар мен естелік сыйлықтар, қалған қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.